

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
«6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
Умирбекова Аерке Нурланбековнаның «Болашақ бастауыш сынып
мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту» атты диссертациялық
зерттеуіне ғылыми кеңесшінің

ШКІРІ

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев 2016 жылғы 31 желтоқсандағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауында айқындалған бес басымдығының бірі ретінде «адами капитал сапасын жақсарту» белгіленген. «...Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады...» – деп, бәсекеге қабілетті ұлт, ұлттық сана сезімі мол білікті маман иесі болу үшін қарқынды цифрлық даму заманында жеке дамуға қажетті ақпаратты саналы түрде іріктей алуының және қарым-қатынас мүмкіндіктеріне сананың ашық болуының әлеуметтік зияттылық дамуымен тікелей байланысты екенін атап көрсеткен.

Сондықтан, қоғамның қазіргі даму жағдайында білім беру жүйесіне, маман дайындау сапасына жоғары талаптар қойылып, осынау өзгермелі заманда өзінің өмірлік және кәсіби траекториясын таба алатын, үздік, сыңаржақ білуден терең білімге көтеріле алатын, өзінің интеллектуал және адами жақтарын дамытып, таныта алатын педагогты дайындау мақсаты қойылып отыр. Дәл осы мақсаттағы жұмыстың болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін дайындау үдерісінде іске асырылып, ғылыми айналымға енгізу мәселесінің көтерілуі еңбектің негізгі көзі десек қателеспейміз. Мұның өзі, біріншіден, зерттеу еңбегінің Қазақстан Республикасында ғылым мен білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес келетінін, екіншіден, зерттеудің өзектілігін айқындайды.

А.Н.Умирбекова тынымсыз ізденуі нәтижесінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздерін зерттеп, өзіндік ой-тұжырымдарын ұсынған. «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері» атты бірінші бөлімде «зияттылық», «әлеуметтік зияттылық», «болашақ мамандардың әлеуметтік зияттылығын дамыту» ұғымдарының мәнін, құрылымы мен мазмұнын нақтылап, әлеуметтік зияттылықты дамытудың психологиялық, дидактикалық негіздерін жүйелеген. Осылардың негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың

құрылымдық-мазмұндық моделін жасап, компоненті, өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлерін анықтаған. Әлеуметтік зияттылықты тұлғалық сала бойынша сипаттап, өзіндік пайымдаулары мен тұжырымдарын қоса жүйелеген. Екінші бөлім болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың әдістемесіне арналады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту мақсатында ұйымдастырылған тәжірибелік-педагогикалық жұмыстардың жүргізілуі сипатталып, оң нәтижелері талданып, қорытындыланған.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздерін қарастырған бұл зерттеу жұмысының жетістігі, біріншіден, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың әдіснамалық-теориялық тұғырларын басшылыққа алуы. Екіншіден, зерттеу жұмысында жаңа қоғамдық-әлеуметтік сұраным талаптарына лайық белсенді болашақ маманды дамыту міндетін шешуге қадам жасауында деп есептейміз. Үшіншіден, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту мәселесі жаңартылған білім мазмұны жағдайында қарастырылып, соның негізінде болашақ маманның әлеуметтік зияттылығын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі мен оны меңгерту әдістемесін ұсынуында. Бұл келтірілген дәйектер зерттеу жұмысының ғылыми дәрежелер беру ережелеріндегі талапқа сай орындалғанын дәлелдейді.

Зерттеу жұмысында келтірілген қорытынды мен тұжырымдар өзара байланыста, бір мақсатқа жұмылдыра отырып, дәйектелген. Мәселені жаңа деңгейге көтеру ұсыныстары, қол жеткізуге боларлық нәтижелерді айқындауы, әлеуметтік зияттылықты дамыту әдістемесі жөніндегі пікірлерінің ой желісі үйлесімді баяндалған, жүйелі біртұтастықты айқындайды.

А. Умирбекованың жарық көрген еңбектері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитетінің талаптарына сай келеді. Оның жарияланымдары Скопус мәліметтер базасына енетін нөлдік емес импакт-факторлы шетел басылымында, Комитет тізіміндегі журналдарда, шетелдегі, республикадағы халықаралық басылымдарда жарық көрген. Бұл диссертанттың көп еңбектенгендігін, ғылыми жолда шыңдалғандығын көрсетеді.

Сонымен, Умирбекова Акерке Нурланбековна «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту» тақырыбында жазылған диссертациясы дербестігі айқындалған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар еңбек, диссертациялық жұмысты «6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы /PhD/ дәрежесін алу үшін көпшілік алдында қорғауға ұсынуға болады деп есептеймін.

Ғылыми кеңесшісі,
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор



А.Е. Жұмабаева